

Жанайдар СӘДУАҚАСОВ

*Өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі
Шығармалар жинағы*

АСТАНА – 2013

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7
С28

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Құрастырып, кіріспе, өмірбаяны мен қызметі туралы жазғандар:
Ханкелді ӘБЖАНОВ, тарих ғылымдарының докторы,
профессор:
Перизат СӘДУАҚАС, тарих ғылымдарының кандидаты.

С28 **СӘДУАҚАСОВ Жанайдар.**
Өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі. Шығармалар жинағы.
– Астана, «Елорда», 2013. 400 бет.

ISBN 9965-06 523-3

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7

© М.Әбсеметов, 2009
© П.Сәдуақасова, 2009
© Х.Әбжанов, П.Сәдуақас, 2013
© «Елорда», 2013

ISBN 9965-06 523-3

*«Шын мәнінде сабы да, қын-қынабы да алтын,
жүзі де алмастай қылышылдаған өткір, халқымыздың
нелер бір асыл семсерлерін, көктемнің ағын суы мен
жазғы жаңбыр тамшысы көп шайып,
жуған сай арасының кіршіксіз аппақ тасындай,
мұхит-дария түбінің көз жанарын алатын
жақұт-ғауһарындай, меруерт-маржанындай,
көкорайлы кең даланың жауқазын гүліндей,
заман-дәуір өзі асыл құрсағында көп көтеріп,
өзі екшеп, іріктеп, тербетіп аялап алған,
халықтың маңдайынан жалт етіп шыққан
жарық жұлдызындай,
жаңа туған алтын айындай, таң сібірлеп,
түн түрген күн шұғыласындай қадірлі де
аяулы азаматы, тарихымыздан сүбелі орын
алатын қасиетті де тұлғалы,
қажырлы көш алды тобындағылардың бірі
біздің жерлесіміз – **Жанайдар СӘДУАҚАСОВ.***

Жайық Бектұров,
жазушы

КІРІСПЕ

Қазақ халқының егемендік алуымен Отандық тарих ғылымы кешегі кеңестік жүйе орнатқан партиялық идеологияның өктем қағидаларынан арылды. Бұл өзгерістер тарихтағы тұлға рөліне жаңаша қарауға мүмкіндік береді. Қазақстан тарихын зерттеуге жаңа көзқараспен қарау үшін оның әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына орасан зор үлес қосқан басшыларының қайталанбас, ерекше өкілдерінің өмірімен және қызметімен тереңірек, жан-жақты танысу мейлінше маңызды.

«Біздің мақсатымыз, – деп жазады Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев, – ғылымды жаңадан жасап, оны ешнәрсеге жарамай қалған, ескірген идеялардан тазартуға тиіспіз. Әсіресе, мұны қоғамдық ғылымдар саласына қолдануымыз керек» [1].

XX ғасыр басындағы қазақ халқының тарихы аса күрделі әлеуметтік және қоғамдық-саяси қайшылықтарымен ерекшеленді. Кешегі отар өлке одақтас республика мәртебесімен мемлекетін құра алды. Алайда жоғалтқандары да аз емес еді. Отандық тарих ғылымы сталиндік жүйе «ұлтшыл», «халық жауы» деп айыптаған мемлекет және қоғам қайраткерлерінің өмірі мен қызметін, қоғамдық-саяси көзқарасын әлі де болса кешенді зерттеуі қажет. Отан тарихында әлі де үстірт қарастырылған немесе тарихи тұрғыдан өз бағасын алмаған тұлғаның бірі – XX ғасырдың басындағы қазақтың зиялы қауым өкілі Жанайдар Сәдуақасов. Оның қоғамдық-саяси қызметі ұзақ жылдар бойы партиялық тұрғыдан ғана бағаланып, «партияның көрнекті қайраткері», «революционер» ретінде қарастырылды.

Өз қызметін жастар ортасында бастаған Ж.Сәдуақасов коммунистік партияның көрнекті өкілі ретінде мемлекеттік органдарда лауазымды қызметтер атқарды. XX ғасырдың 20-30 жылдарында, тіпті 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін де ол ұлтымыздың біртуар азаматтарымен етене араласып, жаңа тұрпатты қазақ зиялыларының қалыптасу тәжірибесіне, барысына айтарлықтай із қалдырды. Ж.Сәдуақасовтың тағдырын ғылыми зерделеу арқылы отарлық саясаттың да, кеңестік тоталитарлық өктемдіктің де болмыс-бітімін тануға, бүгінгі азаттығымыздың қадір-қасиетін ұғынуға негіз қаланады.

Ж.Сәдуақасовтың өмірі мен қызметі аса күрделі тарихи үдерістермен және саяси оқиғалармен сабақтасып өрбігендіктен, жаңаша зерделеу мен зерттеуді қажет етеді. Бұл жұмыс – Ж.Сәдуақасовтың өмірі

мен қоғамдық-саяси қызметі жайлы мұрағат құжаттарының негізінде жазылған алғашқы ғылыми-зерттеу еңбек.

Ғылыми айналымға мұрағат құжаттарының, естеліктердің, Ж.Сәдуақасовтың еңбектері мен ол туралы мерзімдік басылымдарда, әртүрлі әдебиеттерде, энциклопедияларда жарық көрген материалдардың негізінде өмірі мен қызметі объективті зерттеліп, біршама толық биографиясы ұсынылып отыр.

Бүгінгі таңға дейін Ж.Сәдуақасовтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі туралы жарық көрген еңбектерді мазмұнына, ұстанымына қарай әр түрлі топтарға бөлуге болады:

1. Ж.Сәдуақасовтың қызметі туралы Кеңестік кезеңдегі жарияланған зерттеулер;
2. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі ғылыми еңбектер мен зерттеу жұмыстары.

Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси және мәдени өмірі мен жеке тұлғаларға қатысты біршама зерттеулер Ж.Қарағұсов [2], Р.Сүлейменов [3] және тағы басқа ғалымдар қаламынан туды. Бұл еңбектер еліміздің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-мәдени өмірін көптеген деректер арқылы ашып көрсетулерімен ерекшеленеді. Дегенмен, зерттеушілер коммунистік идеологияның тар аясынан шыға алмады.

Ж.Сәдуақасовтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне арналған арнайы еңбектердің жеткіліксіздігіне байланысты ғылыми-зерттеу жұмысының тарихнамасын мерзімдік басылымдарда жарық көрген публицистикалық сипаттағы мақалалар құрайды.

Ж.Сәдуақасовтың қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен Омбыдағы жылдары, оның «Бірлік» ұйымындағы қызметі Ж.Арыстанбековтың естелік-мақаласында баяндалады [4].

Сонымен қоса, жеке тұлғалық қасиеттеріне қатысты жазылған бірнеше мақалалар топтамасын атап өтуге болады. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Ж.Бектұровтың «Жұлдызды да жалынды жаужүрек жан» [5], профессор Х.Мадановтың «Күрескер бақыты» [6], КСРО Журналистер Одағының мүшесі, жазушы Д.Шалқарбаевтың «Бостандық сарбазы» [7], А.Балтабаевтың «Жалынды азамат» [8], М.Әбсеметовтың «Почему мы празднуем Красный Октябрь?» [9], «Жарқыраған Жанайдар» [10], «Карлағтағы он жыл» [11], В.Сидоровтың «Жизнь большевика-интернационалиста» [12], К.Жалмақанұлының «Абзал аға туралы бірер сөз» [13], Ж.Сүлейменовтың «Күрделі тағдыр» [14] мақалалары Ж.Сәдуақасовтың партияның көрнекті басшысы, большевик-революционер ретінде сипаттайды.

Ал, «Жизнь Жанайдара» мақаласының авторлары В.Сидоров пен М.Кенжебаев Ж.Сәдуақасовтың өскен ортасы, оқыған білім ордалары мен атқарған қоғамдық-саяси қызметі туралы баяндай келе, оған «қысқа да мазмұнды өмір сүрген қоғам қайраткері» деген баға береді. [15].

Еліміз тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап Ж.Сәдуақасовтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне қатысты жарық көрген мақалалар мазмұнының біршама өзгеше сипатқа ие болғанын байқауға болады. Мәселен, «Сын своего времени» мақаласының авторлары Ә.Файзуллаев пен Б.Қабдошов Ж.Сәдуақасовтың Әділет Халық Комиссары және Республика Прокуроры қызметіндегі мемлекеттік маңызды жұмыстарына тоқталады. Оның тәркілеу саясатына қарсылығы, Ф.Голощекиннің басқару тәсілімен келіспегендігі туралы дәйекті мұрағат материалдарын келтіреді. Осылайша, алғаш рет Ж.Сәдуақасовтың заң саласындағы қызметіне объективті баға береді [16].

Өлкетанушы Д.Ізтөлеуов «Еркіндік туын ұстаған» [17], «Асылдың сынығы еді» атты мақалаларында Ж.Сәдуақасовтың қоғамдық-саяси қызметін зерделей отырып, елдің, ұлттың бірлігін қолдаған мемлекет және қоғам қайраткері ретінде тоқталған. [18]. Д.Шалқарбаев «Халқының ардақты ұлы еді» мақаласында [19], сондай-ақ «Ақиықтар» монографиясында [20] Ж.Сәдуақасовтың Қазақстанның әлеуметтік –экономикалық, мәдени дамуына қосқан ерекше үлесі, аштық жылдарындағы халыққа жасаған көмегі жайлы баяндап, «туған халқының мүддесі үшін адал еңбек еткен, сол жолда құрбан болған тұлға» деген екен.

Профессор Х.Әбжанов «Жанайдар Сәдуақасов» атты ғылыми-зерттеу мақаласында оның өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін бүгінгі күн биігінен зерделей отырып, Ж.Сәдуақасовты «ұлт мүддесін қорғаған басшы» деңгейінде ұлықтаған [21].

Сол кезеңдері шығып тұрған «Социалды Қазақстан», «Казахстанская Правда», «Әдебиет майданы», «Советская степь», «Ауыл коммунисті», «Большевик Казахстана», «Жаңа мектеп», «Ауыл мұғалімі», «Колхозды Қазақстан» және т.б. баспасөз басылымдарында Ж.Сәдуақасовтың мақалалары жарық көрген және оның қоғамдық-саяси қызметіне қатысты маңызды деректер жарияланған.

Зерттеу барысында ҚОАК қаулылары мен съездердің стенографиялық есептері, конференциялардағы баяндамалар және т.б. мәліметтер енді. Жергілікті кеңестік әкімшілік мекемелерінің ресми іс-қағаздары мен жазбалары, қоғам қайраткерлерінің естеліктері

мен отбасы мүшелерінің хаттары, мұрағат қорлары мен жеке отбасы мұрағатында сақталған фотосуреттер ғылыми айналымға тартылды.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты қорларында Ж.Сәдуақасовтың қызметі туралы біршама мәліметтер бар. Мәселен, 5-қорда ҚОАК-нің жұмыс жоспары мен есептері, әр түрлі мәселелер бойынша жергілікті жерлермен хат алмасулары, циркулярлық хаттары мен отырыс хаттамалары және т.б құжаттар сақталған.

Ал 229-қордан ҚАКСР ҚХК отырыстарының хаттамаларын, қаржыландыру жоспарлары мен баяндамаларын, қаржы органдарының аппараты туралы құжаттар таптық. 774-қор бойынша «Қазақ тілін іс жүргізуге енгізу жөніндегі Орталық Комиссияның» отырыс хаттамаларының көшірмелері, комиссияның жұмыс жоспары мен есептері жайлы құжаттар табылды. Ал, 1380-қордан ҚАКСР ӘділетХК-ның баяндамалары, есептері мен циркулярлары, статистикалық материалдары және т.б. мәліметтер қаралды.

Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатындағы РК(б)П Қазобкомының (139-қор), Б(б)КП Қазөлкекомының (141-қор) материалдары қаралды.

Көбіне құпия деп саналатын Қазақстан КП ОК-нің бюро, хатшылық мәжілістері мен жеке жиналыстардың хаттамаларына қол жеткізу, аталған кезеңдегі Ж.Сәдуақасовтың қоғамдық қызметін неғұрлым жақын тануға мүмкіндік берді.

Ж.Сәдуақасовтың Ақмола губерниясындағы қызметін жете зерделеу мақсатында Астана қаласы мемлекеттік мұрағатының Ақмола губерниясының Ақмола уезінің 4 учаскесінің Халық Сотының (69-қор), Ақмола губерниясының Ақмола уезінің 10 учаскесінің Халық сотының (80-қор), Жұмысшылардың, шаруалар мен қызыл әскер депутаттары Кеңестерінің Ақмола уездік атқару комитетінің (244-қор), Жұмысшылардың, шаруалар мен қызыл әскер депутаттары Кеңестерінің Ақмола округтік аткомының (241-қор) материалдары қаралды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік мұрағатының қорындағы Ж.Сәдуақасовты айыптау ісіне қатысты құжаттар зерделенді.

Түйіп айтсақ, сан-алуан деректерді саралай отырып, Жанайдар Сәдуақасовтың азамат, тұлға, басшы ретінде кемел құбылыс екеніне көз жеткіздік.

АЗАМАТТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

(1898-1917 жж).

1.1 ӨСКЕН ОРТАСЫ

Жанайдар Сәдуақасов 1898 жылы Омбы губерниясының Ақмола уезіне қарасты Сарысу болысындағы Төссаз (қазіргі Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Түгіскен елді-мекені) деген жерде дүниеге келген. Әкесі Сәдуақас Жағалбайлы руынан шыққан, ел арасына беделді, құрметті адамдардың бірі болған. Үлкен ұлы Сәдуақас ақылды, парасатты болмысымен көзге түскен сәттен әкесі Жалмақан қай шаруаға болмасын оны ақыл-кеңеске алып, ой-пікірімен сана-сып отырған [19, 2]. Ал, Жанайдардың анасы Сара Матайқызы «ак бәйбіше» атанған парасатты, мейірімді жан болыпты

Қартайған шағында Жалмақанның ағасы Ақмақан болыстық билікті Сәдуақасқа қалдырып, ол Кеңес үкіметі құрылғанға дейін болыс болады. Діни ұстанымы бар Сәдуақас Қарнақтан оқу бітірген жожа Хамит Сүлейменұлын асырап алады. Қалыңмал беріп, Әдина қажының қызына үйлендіреді. Ауылдағы балалардың діни білім алуына ықпал етеді. Құсбегілік, саятшылықпен әуестеніп, бүркіт, қаршыға, ителгі сияқты аң алатын құстарды асырайды. 1932 ж. Қамысты мола қыстағында мектеп салдыртуға басшылық жасайды. Жаңа мектепте ауыл балалары оқиды.

Арыстанғали Балтабайұлының (жақын туысы және замандасы) айтуынша, Жанайдарды Еділ мен Жайық жағалауынан шыққан Жағалбайлы тайпасының Сарыарқа жеріне қай заманда қоныстанғаны қызықтырған екен.

Ж.Сәдуақасовтың ата-бабалары қазіргі Түгіскен жеріне Абылай хан заманында бейбіт күндер туған тұста келеді. Әбілқайыр хан бастаған соғысқа қатысқан Кіші Жүз батырлары ханнан ата қонысына қайтуға рұқсат сұрайды. Хан батырлардың қалуын өтініп, Сарыарқадан қалаған жерін беруге уәде береді. Қоныс іздеп келе шыққан бір топ игі жақсылар мен батырлар Сарысу және Сөрті өзендерінің тоғысқан жеріне тоқтайды. Суы мол, шөбі шүйгін, табиғаты сұлу жерді көрген шолғыншылар таңғалып: «Япырай мынау қандай ғажайып өлке еді, түгін тартсаң майы шығады екен! Елге – қоныс, малға – өріс, ұрпақтарымызға қайырлы қоныс



Жанайдардың анасы Сара Матайқызы

болар», – деп Түгіскенді таңдайды. Түгіскен халқы дәулеті асқан, байлығы тасыған іргелі елге айналады. Ел бастаған шешендер, ел қорғаған батырлар, әділетті билер мен дәулетті байлар, білімді азаматтар дүниеге келеді.

Жанайдар – Аркада қайырымдылығымен және дәулеттілігімен халыққа сыйлы болған Мәсжан байдың бесінші ұрпағы. Дүкенбай, Ақмақан аталары да дәулеттілігімен қоса, ақыл-парасатымен, қайырымдылығымен елінің құрметіне бөленген. Арқа жеріндегі Жағалбайлы ұрпақтарынан алғашқы болыс сайлауы кезінде бір болыс болу үшін 200-ден аса адам жетпейді. Сол сәтте Мәсжан ойын балаларын түгін санына қосып, 200 түгіннің патшаға беретін алым-салығын төлеп тұрады. Осылайша, Жағалбайлылар бір болыс ел атанады. Қажылық сапарға барып қайтыс болған Мәсжан Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи мазарының жанына жерленеді.

Мәсжан байдың байлығы кенже ұлы Дүйсенбайдан туған немерелері Ақмақан мен Жалмақанға мұрагерлікке қалған екен. Ағалы-інілі екеуінің еншісі бөлінбей, барлық мал-жанға Ақмақан иелікетіп, оны шашыратпай ұстайды. Олағайынның ынтымақ-бірлігі мен сыйластығын сақтаған, елге сыйлы, орынды сөз, тоқтамды пікір айтатын адам болады. Ақмақанға елі құрмет көрсетіп болыстыққа

да сайлаған екен. Ол әр түрлі ру ішіндегі дауларға билік айтатын беделді ақсақал мәртебесін иеленеді. Жақсылармен қыз алысып, қыз беріскен құда-жекжат болып, ел арасын жақындастырып отырған екен. Тоқа Телғозының Шоңының баласына, Кедей Мақажанның баласы Рахымжанға, Ықыластың баласы Түсіпбекке қыздарын беріп, Алсай, Кемелбек байдың қызы Мәкенді 13 жасар жалғыз ұлы Ықышқа алып берген екен. Ақмақан 1918 жылы қайтыс болады. Кейбір деректерге сүйенсек, осы жылы Ж.Сәдуақасовтың анасы да қайтыс болады. Сәдуақастың бәйбішесінен 5 ұл, 1 қыз қалады. Олар: Жанайдар (1898ж), Сағынай (1900ж), Құлтас, Ырзыхан, Жамал, Әмит.

1919 жылы Сәдуақас бәйбішесінің асын бергеннен кейін, ата дәстүр бойынша әменгерлік жолымен әкесінің ағасы Ақмақанның жас жесірі Сараға үйленеді. Кейін «Ақ апа» аталған жас Сара өте кербез, байыпты, қызыл шырайлы, аққұбаның сұлуы еді. Ол Ақмақан болысқа 13 жасында тұрмысқа шыққан болатын. Болыс үйіне қонақтар келгенде жас Сараның сұлулығын айшықтап көрсетіп, басқаларға мақтану үшін оған кимешек кигізіп, шайсандықтың үстіне көрпелер салып, биіктетіп отырғызып қояды екен.

Кейін Сәдуақас пен Сарадан 2 ұл, 3 қыз туады: Әсет (1923ж – Ұлы Отан соғысынан оралмайды), Зейнеп (1926ж.), Оңал (1933ж.), Құрман (1936ж.), Оңалсын (1937ж. – жасқа толмай шетінеген).

Осылайша, атақты ата-бабалары бар текті отбасында дүниеге келген Жанайдардың балалық шағы Төссаз жерінде өтеді. Ол алғашқыда ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Абай шығармаларын оқып, өлең жазумен әуестенеді. Ақындық қабілеті болған Жанайдар өзінің алғашқы жүрекжарды жырларын туған жеріне арнайды [9, 2]. Жазушы Ж.Бектұровтың естеліктерінде Ж.Сәдуақасовтың «Анама» атты танымал өлеңі бар екендігі айтылады.

Ол Алпамыс, Қобыланды және Қамбар секілді қазақ батырлары туралы көне аңыз-жырларды тыңдап өседі. Жастайынан шешенбилердің даналық сөздерін жадына тоқып, жатқа білуі – оның кейін қазақ және орыс тілдеріне шешен болуына ықпал етеді. Жанайдар әсіресе, өзінің ұстазы, Арқаның атақты қобызшысы Ықыластың әңгімелерін зейін сала тыңдайтын. Ықыластың тәлім-тәрбиесінің арқасында ол қобызда ойнауды үйреніп, тіпті ескі күйлерді нақышына келтіре ойнайтын дәрежеге жетеді. Ғасырлар үнімен үндескен қазақ халқының ән-күйлеріне, жыр-эпостары мен ұлттық фольклорға қызығушылықпен ден қойған Жанайдар кейін ұлттық рухани және мәдени мұраны жаңғыртуға ықпал етеді.

Жанайдардың жеті ата тарихына келгенде ауыл қарияларынан естігендері – қазақтың ішінде ең жылқысы көп бай ел Жағалбайлы, оның Шеген бидей данасы, Өз Тәукенің бас әзіреті, Керейіттен шыққан Қарабурадай әулиесі бар еді.

Арғы атамды сұрасаң,
Қарабура Тамамын.
Бергі атамды сұрасаң,
Нәрікұлы Шорамын, –

дейтін Алты Алашқа, Қырым-Қазанға, бүкіл Түрік дүниесіне танымал Жетісудің Шорадай батыры Жанайдарға жастайынан үлгі, өнеге болды [22].

Көктас болысына қарасты Сәдуақастың отбасы жазда Қамысты моладан қазіргі Ақмолаға дейін көшіп, Бетпақдалаға, Шуға қыстайтын еді. Олар наурыз айы туысымен қазіргі Көксеңгірге келіп, Сарысу өзенінің бойына қонады. Сарысудан әрі Сарыөзенге, онан әрі Қараөткелге, Құмкөл, Жаркөлге дейін көшеді. Көшпелі ауылда балалық шағын өткізген Ж.Сәдуақасов өте алғыр әрі зерек бала болып өседі. Жанайдар жастайынан иман жолындағы әкесінің ақыл-кеңесін, шарифат шарттарын тыңдайды. Әкесі адал, қайырымды және бауырмал болуға баулиды. Өскен ортасынан игі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіріп өскен Жанайдар өжеттілігімен және қайсарлығымен ерекшеленеді. Бұл қасиеттері кейін оның досы, барша қазақтың мақтанышы С.Сейфуллинді ажал қармағынан құтқаруға, туған халқын аштық нәубетінен арашалауға және мемлекет басшыларының бірі болған Ұ.Құлымбетовты «халық жауы» деген жалған жаладан қорғаған батыл әрекеттерінен айқын көрінеді. Ол айналасындағы құбылыстарға мән беріп, әсемдікке құштар болып өседі.

Сонымен қатар, ата-бабадан ауыздан-ауызға тарап келе жатқан «Қыз-Жібек – Төлеген» жырын жаттап өседі. Оған бұл қиссада Низами мен Науаи дастандарының кейіпкерлерінің бір-біріне деген ғашықтық сезімі, ар-намысы мен адал достығы өте ұнайды. «Қыз Жібек» жырын қазақ даласына насихаттап таратушылардың бірі – Шөже Қаржаубайұлы (1808-1895жж) Арқаның атақты байы, Жанайдардың бесінші атасы Мәсжанмен жақын араласып, оның үйіне қонаққа жиі барып тұрған. Мәсжанның байлығы туралы Шөже ақын былай жырлаған екен:

Көп жылқы көк алалы, ақтылы қой,
Толтырған байлығы мол қыр менен ой.
Арқада мыңды айдаған Мәсжан, Шолақ,

Май аққан есігінен Тіленші, Жанұзақ.
Ішінде Жағалбайлы Тілеке бақ,
Беріпті Мыңжасарға бармақтай бақ.

Сондықтан, Шөже ақынның «Қыз Жібек» жырын Жағалбайлы елінен жазып алғандығы туралы пікірмен келісуге болады [22, 98-101].

1.2. АҚМОЛА КЕЗЕҢІ

Сонымен, бір мүшелге толғанша ауылда өскен Жанайдар ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңірді. Бай баласымын деп шолжаңдауды білмеді. Ол өте кішіпейіл әрі қарапайым болып өседі. Жайдары Жанайдардың достары да көп болады. Құрдасы Ж.Жандарбеков «...мен Жанайдармен түйдей құрдас едім. Жанайдар 1912 жылы әкесі Сәдуақаспен бірге Ақмолаға оқуға кеткенше, екеуміз де өз үйлеріміздің аз ғана қой тұяғын бағып жүрдік. Екеуміз қимас дос едік. Ол оқуға кеткеннен кейін де, мен оқыған адаммын демей өзінің кішіпейілдігіне бағып, үйіне жазған хатында және елден барған адамнан кешегі өмірінің ақыры 1936-1937 жылдарға дейін менің бала-шағамды, хал-жайымды ұмытпай сұрап жүретін еді...», – деп жазған [8, 4].

Бірде, Ж.Сәдуақасовтың аталас туыстары Әділ Ақмолаға саудасаттықпен барып жүріп, Ярыч деген орыс фельдшерімен танысады. Таныстықтары достыққа ұласып, Ярыч Әділдің Дінмұхамед пен Бәйсейіт атты ұлдарын қалаға оқытуға алдыртады. Ярыч пен Әділдің арасындағы достыққа байланысты ел аузында мынадай аңыз-әңгіме бар. Қазіргі Түгіскен елді-мекенінің түстік жағындағы «Бозкөл» деген жерде «Бес орыс» деген төбешік бар. Оның мәнісі – бір жылы Ярычтың екі баласы Әділдің ауылына барып, жаз бойы қымыз ішпек ниетпен жүргелі жатқанда оған көршілерінен тағы 3 бала қосылады. Сөйтіп, 5 орыс баласы ауылға келеді. Ол кезде «Бозкөл» шалқып жататын айдын көл болған. Әлгі балалар бір күні балықшылардың қайығын сұрап алып, айдын көлге серуендеуге шыққанда, дауыл соғып, қайықтағы барлық балалар апатқа ұшырайды. Балаларды Әділ жерлейді. Міне, сол балалар жерленген жер кейін «Бес орыс» деп аталып кетеді [20, 4-5].

1912 жылға дейін қожа Хамит молладан хат таныған Ж.Сәдуақасовтың оқуға деген ынтасын байқаған әкесі Сәдуақас оны Әділдің балаларымен бірге, Ақмолаға оқуға апарады. Сәдуақас құран сүрелерін жатқа оқитын баласының діни білім алғанын қалайды. Алайда, әкесі

кеткеннен кейін, Жанайдар діни мектепке емес, бір сыныптық Приход мектебіне түседі. Ол мектепті бір жылдан кейін тәмамдап, 1913 жылы қыркүйектен бастап, оқуын Ақмоладағы Жоғары бастауыш училищесінде жалғастырады. Аталған училищені 1916 жылдың мамыр айына дейін оқып, осы жылы жазда туған ауылына оралады. Ол Приход мектебі мен Жоғары бастауыш училищесінде жалпы білім беретін пәндермен қоса, орыс тілін де оқиды. Білімге және өзге тілді үйренуге деген құштарлық оның орыс тілін жетік меңгеруіне септігін тигізеді [23]

Ақпан революциясы басталған кезде Ж.Сәдуақасов туған ауылында еді. Ол оқуын әрі қарай Омбы қаласында жалғастыруды армандайды. 1916 жылы Жанайдар ауылына қайтып келгеннен кейін, әкесі Сәдуақас «...осы оқығаның да жеткілікті, енді отбасын құрып үйленесің», – деп, салт-дәстүр бойынша көрші ауылдағы төлеп Үсен байдың Қатира атты қызын айттырып, үйлендіреді. Үсен бай қызына жеке отау мен мол жасау беріп, тарту-таралғымен ұтатады. Алайда, Жанайдар қарасұрлау келген, ұзын бойлы, көріксіздеу, адуынды Қатираны ұнатпай, оның маңына мүлдем жуымайды. Оның барлық арманы қаладағы оқуын жалғастыру болады. Сондықтан ол ешкімге айтпастан, үйінен қашып шығып, Ақмола қаласына келеді [24]

Ол Ақмолада оқи жүріп, 1914 жылдан бастап Омбыда қазақ жастары құрған «Бірлік» ұйымының мүшесі болып, елде болып жатқан өзгерістерге қатысты өзінің өмірлік ұстанымдарын айқындай бастайды. Оның жаңа идеяларға толы көзқарасын қалыптастырып, большевиктік идеяны қолдауына достары әрі жерлестері С.Сейфуллин, Бәйсейіт және Дінмұхамед Әділовтер, А.Асылбеков және т.б азаматтар ықпал етеді. Ол революцияның алғашқы күндерінен Ақмола уездік Қазақ комитетінде болыстық және ауылдық комитеттерді ұйымдастыру жөніндегі инспектор болып қызмет атқарады. 1917 жылы қыркүйек айында Омбыға келіп Ересектерге арналған гимназияға оқуға түседі [23, п. 18].

1.3 Омбыдағы ЕСЕЮ ЖЫЛДАРЫ

Ж.Сәдуақасовтың қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуында – оның Омбыдағы кезеңінің алатын орны ерекше. Ол мүше болған «Бірлік» ұйымында қазақтың оқыған, білімді азаматтары баяндамалар жасап, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Олар қазақ халқын патшалық отарлық езгіден құтқаруды, қазақ ұлтының азаттығын

көксейді. Бастапқыда «Бірлік» ұйымына Алаш қайраткерлері басшылық жасайды [23, п.18].

Қазақ жастарының басын қосқан «Бірлік» ұйымының рухани демеушілері Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Айтпенев, қазақ қыздарының арасынан Гүлия Досымбекова, Хадиша Сейітова және т.б. қазақ азаматтары болды. Ұйымға мүше Ж.Сәдуақасов Омбы өңірінің тумасы, осы қалада оқып жүрген С.Сәдуақасовпен және Ғ.Тоғжановпен (Сәдуақасұлы) танысады. Қазақ мемлекетінің саяси өмірінде елеулі орын алған үш танымал тұлғаның өмір жолдары осылайша Омбы қаласында түйіседі. Аталған азаматтардың шығу тегін білмейтін қала тұрғындары Ж.Сәдуақасовты, С.Сәдуақасов пен Ғ.Тоғжановты «Сәдуақастың ұлдары» деп атайды. Жасы жағынан Жанайдардан кіші Смағұл мен Ғаббас оны «әти» деп атайды. Ақыл-ойымен және білімділігімен танылған Жанайдар кейін інілеріндей баулыған Смағұл мен Ғаббасты «Бірлік» ұйымының мүшелігіне тартқандығы тарихи шындық. Олар Омбыдан жүз шақырымдай жердегі Жарқын, Ұялы, Байнияз, Қызылшілік, Қарашілік, Төрегелді, Бұланбай, Жандос, Томар, Дүйсенбай (белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабай Шаяхметов осы ауылда туған), Мәшен (М.Әйтпеневтің ауылы), Қаржас ауылдарымен қоса өзге қазақ ауылдарына да жиі барып, халықты сол кездегі «Қазақ» газетінде жарияланған мақалалармен, өздері шығаратын «Жас азамат» және «Балапан» қолжазба журналымен таныстырады. Ресейдегі және республикада болып жатқан саяси оқиғаларды халыққа түсіндірумен айналысады. М.Әйтпеневтің үйінде тұратын Ж.Сәдуақасовқа С.Сәдуақасов пен Ғ.Тоғжанов жиі барып тұрады. Сол кезде Омбы қаласына Сібір аймағындағы және шалғай өңірлерден келген қазақтар үшін «Сәдуақастың ұлдары» жоғары мәдениетті әрі білімді жастар ретінде ерекше ілтипатпен ауызға алынатын еді. Сонымен қатар Ж.Сәдуақасов сол кездегі қазақ зиялысы, солтүстік өңірде жеке қаржысына мектеп ашып, ағартушылық қызмет атқарған Әміре қажының баласы Зейнелғабиден Омскауимен дос болады. Саға ауылында мектеп ашып, бала оқытқан Зейнелғабиденге Бекмұхамед Серкебаев (мәдениет қайраткері Е.Серкебаевтың әкесі) пен Ж.Сәдуақасов Орынбор, Уфа, Троицк, Қазан қалаларынан әдеби кітаптар алдырып, қазақ газеттерін жіберіп отырған [25].

1917 жылы 1-4 қазан аралығында «Бірліктің» кеңейтілген жиналысы өтеді. Оған Ақмоладан «Жас қазақ», Көкшетаудан «Жас ұран», Спасскіден «Жас дәурен» және басқа жастар ұйымдарынан шамамен 100-ге жуық өкілдер қатысады. Қаулы қабылданып,

ұйымның басшылық органы сайланады. Жиналыстың төрағалығына және «Бірліктің» үні «Балапан» журналының редакторлығына М.Жұмабаев сайланады [26].

1918 жылы желтоқсан айында Омбы қаласына Қиыр Шығыстан Ж.Сәдуақасовтың Ақмолаға келіп білім алуына ықпал еткен ағайыны Д.Әділов келеді. Олар бірлесіп, түрмеде отырған Ф.А.Березовскийдің отбасымен астыртын жұмыстар жүргізеді. Ж.Сәдуақасов 1918 жылы 22 желтоқсанда Д.Әділовпен бірге дайындалып жатқан көтеріліске қатысу үшін, жинақ пунктіне барады. Алайда, көтеріліс басшылары қамауға алынғандықтан, ол әрекеттері сәтсіз аяқталады [23, п.19].

Большевиктердің Колчакқа қарсы ұйымдастырған осы көтерілісі туралы С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» тарихи романы құнды деректер береді. 1918 жылдың желтоқсан айында Колчактың озбырлығы шегіне жеткен тұста, Омбыдағы жасырын большевиктер комитеті көтеріліс жасамақ болады. Алғашқыда Колчакпен бірлескен, бірақ кейін Колчактан зорлық көрген эсэр басшылары мен Колчак әскерінің бірқатар бөлігі большевик жасақтарына қосылып, көтеріліске қатысуға ниеттенеді. 22 желтоқсанда большевиктер түрмені басып алып, тұтқындарды босатады, атты орыс-казак полкын алады. Алайда, орталық телефон станциясын алу жоспары большевиктерге қосылған эсэрлердің осалдығынан жүзеге аспай қалады. Большевиктердің бұл іс-қимылы туралы естіген Колчак әскері большевиктердің басшыларын тұтқынға алады. Большевиктердің басқа отрядтары дербес әрекет етіп жатады. Нәтижесінде, Колчактың қарулы әскерінен жеңіліс табады [27].

Осы аласапыран сәт туралы С.Сейфуллин былай деп баяндайды: «...Омбыдағы қазақтан большевиктермен сөздес болған, қатынасқан, Әйтпенұлы үйінде жатқан тек Жанайдар Сәдуақасұлы болған. Омбыда болған белгілі жазушы большевик Березовскийдің үйімен байланыс қылған. Және жасырынып жатқан Дінмұқамет қатынасып, сөздес болған. Бірақ не керек, мақсат орындалмаған. Төңкеріс бола алмаған. Омбы қаласы біраз алабұртып қойған» [27, 292].

Омбы қаласын чехтар жаулап алғаннан кейін де, Ж.Сәдуақасов Омбы қаласындағы оқуын жалғастыра береді. Алайда, оған материалдық көмек беретін С.Сейфуллин, А.Асылбеков секілді достары қамауға алынып, тіршілік етуге қаражаты болмайды. Сондықтан, губерниялық жер басқармасының халыққа білім беру бөлімінің іс жүргізушісі қызметіне қосымша жұмысқа орналасып, 1919 жылдың шілде айына дейін жұмыс істейді [23, п.18-19].

Жүзеге аспаған көтерілістен кейін Ж.Сәдуақасовты «атыс болған күні большевиктерге оқ тасыған» деген жаламен қудалап, жер басқармасындағы қызметінен шығармақ болады. Ол қудалауда жүрсе де, түрмеден қашып шыққан Новиков деген большевикті М.Әйтпеновтің үйіне жасырады [27, 292].

1919 жылы қазақ жастарын бір ту астына ұйымдастыру мақсатында, Омбы қаласында Қазақ өлкесінің барлық ұйымдарының біріккен жалпы жастар съезі өтеді. Съезге Ақмола, Семей және Қостанай губернияларының жастары қатысады. Онда Ж.Сәдуақасов, А.Асылбеков, Ә.Досов секілді белсенді қазақ жастары Кеңес үкіметін қолдап, «Демократтар кеңесін» құрады. «Бірлік» ұйымының аты өзгертіліп, «Жас қазақ» деп аталады. «Демократтар кеңесін» құрудың басты мақсатын Ж.Сәдуақасов қазақ халқын большевиктердің жаңа саясатымен таныстыру және аймақтарда кеңес органдарын құрумен ұштастырады [23, п.18].

С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында Ж.Сәдуақасовтың Демократтар кеңесінің құрамына сайлануы жайлы төмендегідей деректер кездеседі: «...Бір күні Омбыда оқып жүрген балалардан мынандай жеделхат алдық: «Ақмола. Сейфоллаұлына. Омбыда оқып жүрген жастардың «Бірлік» атты ұйымының беті «Алашордашыл» болып, оқып жүрген біраз жастар Бірліктен бөлініп, ұйым жасап, демократ – совет ашты. Советтің басқармасына мынандай адамдар сайланды: Жанайдар Сәдуақасов, Таутан Арыстанбекұлы, Әбілқайыр Досұлы» делінген» [27, 126].

Қазан революциясынан кейін екі бағытқа бөлініп кеткен ұйым мүшелері бастапқы кезеңде өзара жалпы демократиялық платформа негізінде біріккені, ал олардың көзқарасында ағартушылық, ұлт-азаттық мүдденің үстемдік алғаны да тарихи шындық болатын және оған өмірлік себептер де жетерлік еді. Съезде Ж.Сәдуақасов белсенділік танытып, кеңес үкіметіне қатысты ой-пікірін, көзқарасын білдіреді. Қоғамдық-саяси көзқарасын айқындап, большевиктерді қолдауды жөн көрген қазақтың жалынды жастарының бірі – Жанайдар жастар съезіне қатыса жүріп, Демократия (Совдеп) қару-жарақ алуға келгендерге көмектеседі [20, 111].

Большевиктердің кедейлерге теңдік-еркіндік беріп, қоғамда әділдік орнату, халықтың әл-ауқатын арттырып, отаршыл езгіден құтқару туралы ұраны Ж.Сәдуақасов сияқты еркіндік аңсаған жастың көкейіне қона кетті. XX ғасырдың басындағы тарихи оқиғалар білімге, өнерге ынтықтырып, теңдікке-бостандыққа құлшындырған қазақ жастарын бірден алға жетелейді, патшаның

езгісіне, отаршылдық саясатқа қарсы қажырлы күреске шақырады. Саяси оқиғаларға қатысып, шыныққан жас Жанайдар тапқыр әрі алғыр жігіт болып қалыптасады.

Кеңестер билігін қазақ жастарының барынша қолдауы миллиондаған халықтың арман-тілегі болған жер мен бейбітшілік туралы тарихи декреттері мен ұлттардың өзін-өзі билеу туралы декларацияның қабылдануына тікелей байланысты болды. Мысалы, Кеңес өкіметінің ұлттық саясаттағы алғашқы қадамдарының бірі «Ресей мен Шығыстың барлық еңбекші мұсылмандарына» арнаған үндеуінде былай деп атап көрсетіледі: «Ендігі жерде сіздердің нанымдарыңыз бен әдеп-ғұрыптарыңыз, сіздердің ұлттық және мәдени мекемелеріңіз еркін және қол сұғылмайды деп жарияланды. Өздеріңіздің ұлттық өмірлеріңізді еркін және кедергісіз құра беріңіздер. Сіздердің бұған толық құқықтарыңыз бар, сіздердің құқықтарыңыз революция мен оның органдарының,, жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Кеңестерінің бүкіл күш-қуатымен қорғалады» [28].

С.Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу» тарихи романында сол кезде Омбыда оқитын Ж.Сәдуақасовты ерекше құрметпен атап көрсетеді. Жазушы Ж.Сәдуақасовты қиын-қыстау шақтарда Колчак бұғауындағы тұтқындарды ауыр азаптан құтқарған өжет әрі ержүрек, тапқыр күрескер ретінде суреттейді. С.Сейфуллин Ж.Сәдуақасовтың қиын жағдайларды оңтайлы әрі тез шеше білген тапқырлығын және ерік-жігері мол, сындарлы сәтте достарынан көмегін аямаған адал азаматтығын жоғары бағалайды. Колчактың озбырлығы асқынып, Ақмола қаласында тұтқындалған С.Сейфуллин, А.Асылбеков, Б.Серікбаев, Ж.Нүркиндер «азап вагонымен» Омбы қаласына жеткізіледі. Ж.Сәдуақасов түрмедегі достарына жеңіске сенім арттыратын хат жолдап, олардың рухын көтеріп отырады. Мұның бұлтартпас дәлелі – С.Сейфуллинге жазған хаты. Ж.Сәдуақасов Ресейдегі саяси жағдайды дұрыс болжап, Ақмола абақтысындағыларға: «...Вахтча Укметов, болен туберкулезом. Хирурги отказываются лечить. Улькенбек Сабитов выздаравливает. Благополучно приехал. Днче». Жанайдар», – деп хат жазады. Бұл орысша жазылған хаттың қазақша нұсқасы келесідей: «Уақытша үкімет баласы науқас: құрт ауруы. Тәуіптер «жаза алмаймыз» – дейді. Үлкенбек Сабит баласы сауығып келеді. Аман-есен келдік. Дінше». Жанайдар». Бұл жұмбақтап жазылған хаттың шешуі былай болады: Ақтардың уақытша үкіметі нашарлауға айналды. Күші азайды, жұрт теріс қарай бастады. Большевиктер Кеңесі Кеңес үкіметі

оңалып, күшейе бастады, деп Жанайдар қол қойған. Ал хаттың соңында «Чита жақтағы атаман Семеновке қарсы майданнан аман-есен қайтып келдім», – деп Дінмұхамед қол қойған. Осылайша, 19 жасар жас Ж.Сәдуақасов қоғамдағы саяси ахуалды дұрыс болжап, оны астарлап жеткізу арқылы тапқырлық танытады. Жанайдардың адал достығы туралы Сәкен: «...Түрмеде, таршылықта, әрбір жылы хабар тұтқынға үлкен күш, қуат береді. Достың достығы, қастың қастығы, адамның адамшылық және түрлі хайуандық мінездері тар жол, тайғақ кешуде ғана анық білінеді екен... Бұл – өмірде ұмытылмайтын іс! Мұндай достық, таршылықтағы жанға таудай қайрат, өлшеусіз шаттық береді!», – деп жазған [27, 227].

1919 жылы ақпан айында өзі де бой тасалап жүрген Ж.Сәдуақасов С.Сейфуллин мен Б.Серікбаевқа астыртын төлкұжат дайындап, абақтыдан қашуға көмектеседі. Ол Сәкенге Омбы оязының Сілеті болысының қазағы Дүйсенбі Әсиұлына тиесілі куәлік тауып береді. Колчактың «қашып ұсталған тұтқын тергеусіз атылады» деген ызбарлы жарлығына қарамастан, Сәкенді өзі тұратын М.Әйтпеновтың үйіне жасырады. Бірге отырып, жоспар құрады [27, 333-342].

Осындай қауіпті кезеңде Омбыдағы оқушылардың Демократтық кеңесін құрып, большевиктерге қосылған жастардың арасынан Ә.Досов жылысып Көкшетауға, ал Т.Арыстанбеков Қостанай уезіне кетіп қалады. Омбыда тек сөзі мен ісіне берік, қайратты Ж.Сәдуақасов қана қалады [27, 331]

Осы жылдары ұлт зиялылары ортақ мүддені көздейтін, алайда оған қол жеткізетін әр түрлі жолды таңдайды. Ж.Сәдуақасов, С.Сейфуллин және т.б бастаған белсенді жастар Кеңес үкіметінің саясатын қолдаса, А.Бөкейханов, А.Байтұрсынов сияқты «Алаш-орда» жақтаушылары ұлттық Алаш Автономиясын құруды, ал М.Шоқай Түркістан мемлекетін құруды армандайды. Бұл идеялар қазақ зиялыларын түрлі ағымдарға бөледі.

XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақ зиялыларының қай-қайсысы болмасын, туған елін тұйыққа тіреген отаршыл езгіден, ел аспанын бүркей жапқан сауатсыздықтан құтқарып, елдігін сақтап қалудың, өркениетті елдер қатарына қосудың ең дұрыс жолы – оқу-ағарту істерін жолға қою, елін ғылым-білімді игеруге жұмылдыру барлық күшті соған жұмсау деп түсінеді және туған халқын осы мақсатқа бағдарлайды. Екі ғасырдың сындарлы тоғысында қалыптасқан қазақ зиялылары екі түрлі жолды таңдай отырып, ортақ мүддеге қол жеткізуді армандайды. Осы мақсатта қоғамдық-саяси ұйымдар құрады. Қазақ халқы үшін жауапты кезеңде саяси



*Ж.Сәдуақасовтың Омбы қаласындағы жылдары.
1917-1918жж.*

күрес сахнасына шыққан, сол заманға сай біліммен қаруланған жас Ж.Сәдуақасов елі үшін шешуші сәтте қалыс қала алмайды. Ол өз елінде, өз жерінде отырып, азап шеккен қазақ халқының мұң-мұқтажын қорғауды өзінің басты мақсат-міндеті еткен және жалпы ұлттық, бүкілхалықтық мәселелерді тандап алып, оларды туған елінің мүддесіне сай шешуге бекінген, кеңестік жүйені қолдаған қазақтың белсенді жастарының алдыңғы қатарында болады.

Ж.Сәдуақасовтың Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатуға қатысты іс-қимылдары туралы деректер – саяси жазалау құрбаны, қоғам қайраткері Д.Әділовке арналған «Ұлт театрының шаңырағын көтеруші» атты еңбекте кездеседі. Мәселен, ол Ж.Сәдуақасовтың Кеңесүкіметін жақтағандығы туралы мемлекеттік-саяси басқарманың тергеушісі алдында былай деген: «...Қазақ жастары арасында күшті алауыздық болды. Мен, Ә.Досов, Ж.Сәдуақасов, Т.Арыстанбеков, Семей губерниясынан Айтбақин..., – біз бәріміз большевик революциясын жақтадық, ал қалғандары қарсы еді» [29].

Кеңес үкіметінің саясатына сенімі нық бекіген Ж.Сәдуақасов 1919 жылы шілдеде Омбы қаласынан Сарысу бойындағы ауы-

лына оралады. Ауылға Жанайдар өмірлік ұстанымдарын нақты айқындаған, сынағы мен сыры көп өмірге үлкен үмітпен бет алған жалынды, арманшыл жастың бірі болып оралады. Ж.Сәдуақасов пен Б.Әділов Кеңес үкіметін жақтаушылар ретінде іздестіріліп жатқандықтан, ол елге келсе де, бой тасалап, жасырынып жүреді. Бір айдан аса «Көнектегі» Тақыр Омардың ауылына тығылған Жанайдар «Қызылдар Торғай маңына келіпті. Бәйсейіт қол жинап, соларға қосылуға қам жасап жатыр» деген хабарды естіп, Б.Әділовтің жинаған қолына қосылады [20, 113-115].

Бұл туралы Ж.Сәдуақасовтың ағайыны М.Мысықбаевтың естелігінде былай делінген: «...Жанайдар елге келіп, бой тасалап жүрген кезі еді. Көбінесе екеуміз бірге жүретінбіз. Біз Ақмақанның баласы Ықыштың ауылында жатыр едік, көрші Жұмат ауылына 10 солдат келіп, «Бәйсейітті тауып беріңдер» деп қысым жасап жатыр дегенді естідік. Бізде де қорқыныш пайда болды. Жанайдар да іздестірілуде болатын. Содан біз «Көнектегі» құдамыз Тақыр Омардың ауылына барып, біраз күн жасырындық. Сонда жүріп «Ақмоладан келген солдаттар Мәдине қожаға, оған қоса 9 адамға дүре соғыпты» деген хабар естідік. Ел үрпиісіп, үрейленіп қалды. Бұл уақытта Бәйсейіт Бетпақ далада болатын. Оларды іздеп шыққан солдаттар бірнеше күн сабылып, ақырында шөл даланың айбарына төтеп бере алмай кері қайтқан. Солдаттар «Жеті қоңыр» бойындағы әліп пен алшындарға кетті деген соң ауылға келдік. Түнгі асты ішіп болған соң Жанайдар екеуміз үйдің көлеңке жағындағы тақтай ағаштан жасаған сәкіде әңгімелесіп жатқанбыз. Ол бұрынғы өткен шешендердің, белгілі билердің тапқыр сөздерін көп білетін. Түн ортасы кезінде ауылдың иттері азан-қазан болып шулап кетті. Дүрсілдеген ат тұяғының дыбысы естілді. Сөйткенше болған жоқ, шеткі үй жанына келіп тоқтаған бір топ салт аттылардың өктем даусы естілді. Әлдебіреулер орысша сөйлеп, әлдекімнің апшысын қуырып жатыр.

– Солдаттар! – деді Жанайдар. Үйдің іргесінде сай болатын. Екеуміз апыл-ғұпыл киімімізді қолтықтап, сайға қарай еңбектей жөнелдік. Ай жарық болатын. Киімді киюге де шама келген жоқ. Сайға түсіп жүгірген бетте бір шоқ қамысқа кіріп паналадық. Киімімізді сол жерде кидік. Солдаттар шай қайнатым уақыттай ауылды әбігер етті де, күншығысқа қарай түсірлетіп шаба жөнелді. Ауылға таң ата келдік. Ауылдағы адамдардың бәрін үрей билеген. Әсіресе Сәдуақас қатты абыржулы екен.

– Жанайдар, сен бір мойны қашық жаққа бой тасаламасаң болмайды. Мына кәпірлердің түрі жаман, – деді ол баласына.

Осыдан кейін Ықыш үшеуміз Созақ жаққа сапарға шықтық. Ықыш Бетпақ даланың жай-жапсарын жақсы білетін жершіл еді. Біз мұнда 1 ай шамасында болдық. Мен онда 16 жаста едім. 1919 жылдың орта кезі. «Қызылдар Торғай маңына келіпті. Бәйсейіт қол жинап, соларға қосылуға қам жасап жатыр» деген хабар естідік. Осы хабар Жанайдарды шиыршық аттырып жіберді. Ол дүбірді естіп, шиыршық атқан тұлпардай Бәйсейітке жетуге асықты. Ағасы Ықыш қарсылық білдіріп еді, оған Жанайдар:

– Осындай аласапыран кезеңнен сырт қалуға болмайды. Біздің көксеген арманымыздың өзі осы емес пе еді, – деп бой бермеді. Ақыры біз асығыс жүріп елге келсек, Бәйсейіттер 100 қаралы жасақпен кетіп қалыпты. Ертеңіне қасына 2 жігіт ертіп, Жанайдар да соларға қосылғалы жүріп кетті...» [24, 24-25].

1919 жылы күзде Ақмола қаласы жаудан азат етіледі. «Сібір билеушісі» Колчак әскерінің бір бөлігі Балқаш арқылы Қытайға өтпек болғанда, Сарысу бойында қолға түседі. Әскерді қарусыздандырып, Ақмола қаласына жеткізуге Жанайдардың әкесі Сәдуақас та басшылық етеді [20, 115].

Большевиктер Колчак әскерімен күресін күшейткен тұста, А.Асылбеков пен бірнеше қарулы жігіттер ерткен Ж.Сәдуақасов Сарысу бойынан Шуға көшкелі жатқан еліне келеді. Ел аралап, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, жиналыстар ашады. Кеңес өкіметін қолдауға шақырып, большевиктерге ет, ірімшік, құрт сияқты азық-түлік пен жылы киімдер жинайды. Жинаған азықтары мен киімдерін 60 түйеге жүк артып келе жатқанда, қазақ бай-болыстарының Колчакқа көптеген тарту апара жатқанын естиді. Қазақ халқын аяусыз қырған Колчакқа сыйлық берудің жөнсіздігіне ренжіген Жанайдар: «Қазақ біреуге жағынбаса жүре алмайды. Колчактың күні бітуге таяу ғой», – деп ашуланып, оларды қолға түсіруді ойластырады. Ж.Сәдуақасовтың бастауымен қарулы 30 жігіт Колчакқа бара жатқан керуеннің алдын тосып, оларды қолға түсіріп, байлардың Колчакқа арнап алып шыққан тартуларын большевиктерге үлестіріп береді [7, 2].

Жоғарыдағы естелік жолдарынан Ж.Сәдуақасовтың Колчактың озбыр іс-әрекеттеріне қарсы күресіп, өзінің Кеңес өкіметіне қатысты азаматтық позициясын сақтап қалғандығын көруге болады.

Бұл фактілер – Ж.Сәдуақасовтың Кеңес өкіметін орнатуға атсалысқандығын және жасына, қауіпті жағдайға қарамастан большевиктерге көмек көрсеткен қайсар күрескер екендігін айғақтайды. Әйтсе де, XX ғасырдың 20-30 жылдарында қазақ зиялыларына таң-

ылған «жікшілдіктің салқыны» Ж.Сәдуақасовқа да тигендігін байқауға болады. Оның 1937 жылы 13 тамызда жазылған 1922-1925 жж. аралығында ол өзінің С.Сейфуллиннің партияға қарсы тобының мүшесі болғандығы туралы жазады: «...В свое время (1922-1925) я принимал участие в антипартийной группировке Сейфуллина. Эта группировка, сохраняя свою самостоятельность блокировалась в период 3-го Всекиргизского съезда Советов (1922) с мендешевской группировкой, а в момент размежевания Сред.Аз.республ. с садвакасовцами (Смагул). При обмене партдокументов я не указал об этом, ввиду того, что запись об участии в Сейфуллинской группировке по разъяснению ОРПО Казкрайкома ВКП(б) было не обязательно. По этому вопросу тогда же обращался к тов. Асриеву (зав. ОРПО) и б.секретарю Алма-Атинского РК тов. Юсупову, которые подтвердили вышеуказанное разъяснение. От группировки отошел в 1925 г. и с тех пор состою на правильной партийной позиции, защищая ее генеральную линию» [23, п.17-18]. Егер, биографияның жазылу мерзімінің республикада партиялық қырағылықты арттыру мақсатында «халық жауларын» әшкерелеу шараларының басталу мерзімімен сәйкес келуін ескерсек, бұл жолдардың тергеушінің нұсқауымен күштеп жазылғандығына көз жеткізуге болады.

Ж.Сәдуақасовтың кеңес үкіметіне қарсы топтардың құрамында болғандығы туралы мәліметтер 1929 жылғы 13 маусымдағы Өлкеком мүшелерін тексеру жөніндегі Тексеру Комиссиясы отырысының 6/7 хаттамасының көшірмесінде де кездеседі. Хаттама көшірмесінде Ж.Сәдуақасовтың 1923 жылғы 17-22 наурыз аралығында Орынборда өткен III облыстық конференцияға дейін С.Сейфуллин мен С.Мендешевтің, ал III конференциядан кейін С.Сәдуақасовтың партияға қарсы топтарына қатысқандығы туралы фактілердің анықталуына байланысты, ҚОАК-нің жауапты хатшысы қызметінен босатылып, Адайға жіберілгендігі туралы айтылады [23, п.29]. Оның «ұлтшыл» ретінде айыпталуы – ҚОАК жауапты қызметінен босатылып, сол кезеңдегі ең күрделі аймақ Адай уезіне жіберілуіне себеп болады.

Ж.Сәдуақасов кейін, Алматы қалалық кеңесінің пленумында «Қазақ халқының 1916 жылғы патша үкіметіне қарсы ерлік көтерілісінің 20 жылдығына» орай жасаған баяндамасында өзінің «Кеңес үкіметін жақтауына не себеп болғандығы» туралы орынды сауалға жауап береді. Ол баяндамада патша үкіметінің отаршыл саясатын қатты сынап, отаршыл саясаттың мақсаты мен саяси астарын, оның қазақ халқына тигізген зардаптарын жан-жақты талдай келіп,

оған саяси тұрғыдан лайықты бағасын береді: «Ленин патшалық Ресейді халықтардың абақтысы деп атады, бұлай деп атауға оның толық дәлелі бар еді. Бұл, халықтардың түрмесі аталған Ресейде еңбекшілердің тұрмысы орасан ауыр болды. Әсіресе, орыстан басқа ұлттар еңбекшілерінің, бұратана деп аталған халықтардың еңбекшілерінің тұрмысы өте-мөте ауыр болды. Олар орыс халқында болған болмашы, шалақ праволарын да пайдалана алмады. Патша үкіметінің саясаты, Ресейдің соғыс, феодалдық империализмінің құлдығындағы ұлттардың еңбекшілерін қанауды және езуді, оларды надан қалдырып, қараңғылықта ұстауды көздеді. Өйткені, патша үкіметі тек сонда ғана жасап өмір сүре алатын еді. Патша үкіметі өзінің колонияларындағы елдерді орыстандыру саясатын жүргізді. Патша үкіметінің колониялық аппараты, колонияларда қандай жұмыс жүргізсе де, ең алдымен бір халықты екінші халыққа айдап салатын еді, ұлт араздығын қоздыратын еді, түрлі ұлттар еңбекшілерінің бірігуіне мейлінше бөгет жасайтын еді. Ресей патшалығындағы ең артта қалған және ең қатты езілген колониялардың бірі – Қазақстан болды. Ресей патшалығының құлдығына түскен басқа халықтармен қатар, қазақ халқы да неше жүз жылдар бойында патша үкіметінің езуінде болды. Қазақ халқының мәдениет дәрежесі өте төмен болды. Октябрь революциясының алдындағы қазақ халқының сауаттылығы 2-2,5%-дан аспайтын еді. Егер, бірер шенеунік қазақ халқын ағартудың «қамын» ойласа, ол тек күшпен орыс мектебін орнатып, орыс мектебі арқылы қазақ халқын ақ патшаны «құрметтеуге», Ресей патшалығын сыйлауға үйрету мақсатын ғана көздейтін еді. Қазақ халқының мәдениетін арттыру туралы колониаторлар ойлаған да жоқ, ойлай алмайтын да еді. Бәрінің көздеген мақсаты – қазақ халқының оянып, өз правосы үшін, өзінің азаттығы үшін күресуге жол бермеу болды» [30].

Ж.Сәдуақасовтың сауалға нақты дәлелдер келтіре отырып, бұлтартпас айғақтармен берген жауабынан оның ең алдымен сан ғасырлық бай тарихы мен мәдениеті, кең байтақ жері бар, бірақ өзінің туған жерінде отырып, рухани байлығын қолданбақ түгілі, тарихи атауынан айрылып, «бұратана» атанып, езіліп келген туған ұлтын патша үкіметінің озбыр отаршыл саясатының құрсауынан құтқарғысы келгендігіне көз жеткізуге болады. Ол орыстардың шовинистік бағыттағы ұстанымдары мен басқару тәсілі – қазақ халқын ешқашан өркендеген өлкедегі мәдениеті мен білім-ғылымы дамыған халықтар қатарына қоспайтындығына сенімді болды. Сондықтан да, ол қазақ халқын әлемдегі басқа халықтармен тең,

болашағы жарқын, мәдениеті жоғары халықтар қатарына қосуды көкседі және сол асқақ арманын шынайы жүзеге асыруда мінсіз, кіршіксіз, адал қызмет етті.

Ж.Сәдуақасов патша үкіметінің отаршыл саясаты ұлттарды қанауға және үнемі қараңғылықта ұстауға негізделді деген ұстанымда болды. Ал қазақ халқының патшаның отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық көтеріліске шығуын – Қазақстан тарихындағы ең маңызды оқиғалардың бірі ретінде жоғары бағалады. Саяси басшылықтың болмауына байланысты, көтерілістің жеңіліс тапқандығына қарамастан, оны қазақ халқының ұлт азаттығы мен бостандығы жолындағы серпінді серпілісі болды деп есептеді [30, 2]. Өмірлік ұстанымын айқындаған Ж.Сәдуақасов идеясына берік большевик ретінде социализм теориясы мен идеологиясын жүзеге асыруға кірісті.